

Сын есімнің заттану процесі

Қай тілде болсын, тілдік формалар арасында бір-біріне ауысу, алмасу процестері болып отырады. Мұны тілде транспозиция (ауыспалылық) құбылысы деп атайды. Ең алғаш рет транспозиция теориясын Ш.Балли жасады. В.Г.Гактың көрсетуінше: «Кең мағынада транспозиция – бір тілдік форманың екінші бір тілдік форма қызметінде қолданылуы». Ал тар мағынада транспозиция – бір сөз табынадағы сөздің басқа сөз табына ауысуын не сол сөз табының қызметін атқаруын білдіреді. Яғни, транспозицияға сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуы ғана емес, басқа сөз табының мәніне уақытша көшіп, сөйлемдегі қызметін өзгертуі де жатады. Осы тұрғыдан ғылымда транспозицияны семантикалық және функционалдық немесе толық (морфологиялық) және жартылай (синтаксистік) деп бөлу дәстүрі де бар.

Толық ауысу сөзжасамдық процесс болып саналады, сөз жаңа сөз табына көшеді. Сөздердің бір сөз табынан екінші бір сөз табына көшуі тілдегі жаңа мағыналы сөздің туғандығын көрсетеді. А.И.Моисеев толық транспозицияны омоним жасаудың жолы деп атайды.

Транспозиция түрлеріне субстантивтену, адъективтену, адвербиалдану, вербалдану, прономиналдану процестері жатады.

Тілде заттық ұғымды білдіретін сөздер зат есім, сындық ұғымды білдіретін сөздер сын есім, сандық ұғымды білдіретін сөздер сан есім, қимылды білдіретін сөздер етістік сөз табына жатқызылады. Алайда тілдік қатынаста, сөйлеу кезінде тілдік жүйедегі белгілі бір сөз табына жататын сөздер сол сөз табына қатысты білдіретін мағынасын өзгертіп, екінші бір сөз табының қызметіне көшеді. Мәселен, сындық белгіні білдіретін сөздер (сын есімдер) сөйлеу қажеттілігіне қарай заттық ұғымда қолданылады. Сын есімнің көптеліп, септеліп, тәуелденіп келіп, зат есімге ауысып, заттанып қолданылуы - **субстантивтену процесі** деп аталады. Субстантивтену процесі сын есімде ғана емес, есімше тұлғалы етістік, қимыл атауы, сан есім, үстеу, тіпті одағай, еліктеуіш сөздерде де болып отырады. Әсіресе, заттануға бейім сөз табы – сын есімдер.

Субстантивтену – синтаксистік процесс болып табылады. Сын есімдердің заттануы, категориалды заттық мәнге ие болуы синтаксистік қатынастарда ғана жүзеге асады.

Сын есім мен зат есім тек лексика-семантикалық жағынан ғана емес, қолданылу ерекшелігі жағынан да ажыратылады. Зат есімнің негізгі қызметі заттық ұғымның атауын білдіру болғандықтан, жеке дара еркін қолданыла беретін болса, сын есімнің семантикалық мағынасы заттық сапаны білдіріп, белгіні, сынды, сипатты, қасиетті т.б. көрсету болғандықтан, негізінен, жеке дара қолданылмай, өзі анықтап тұратын затқа тәуелді болып, сонымен тіркесе жұмсалады. Сын есімнің бұл қолданылу ерекшелігі әр кезде бірдей сақтала бермейді. Кейде заттың сындық, сапалық т.б. белгісін білдіретін сын есімдер әдеттегі қолданылу қалпынан ауытқып, заттың атауы ретінде де жұмсала береді. Ондай жағдайда зат есім түсіріліп айтылып, сын есім сол

түсірілген зат есімнің қызметін атқарып, заттық мағынада қолданылады. Демек, субстантивтенген сөздердің мағыналары кеңі түседі, әрі өзінің негізгі қызметін атқарып, әрі жаңа заттық мағына үстеледі. Өңшең жалбағай *тымақтылар* тұс-тұсынан қалың қолға қосылып кетті (Жансүгіров). Бізге ханның емес, *қараның*, бидің емес, бұқараның тілегін орындайтын өкімет керек (Есенжанов). *Жақсыдан* шарапат, *жаманнан* кесапат (Мақал). Осы сегіз үй ішіндегі ең *бүтіні* және *үлкендеуі* - ортада тұрған жалпақтау бес қанат үй (Әуезов). Бұл мысалдардағы заттанған сын есімдердің қасына анықталушы сөздерді қойған жағдайда, қайтадан сындық сипатқа ие болып, анықтауыштық қызмет атқара алады. Мысалдардағы *тымақтылар*, *қараның*, *жақсыдан*, *жаманнан*, *бүтіні*, *үлкендеуі* секілді сын есімдер тұрған орнына, мағыналық ерекшелігіне қарай зат есімнің орнына қолданылып, зат есімге жалғанатын көптік, септік жалғауларын қабылдап тұр: *тымақты адамдар*, *қара халықтың*, *жақсы адамнан*, *жаман адамнан*, *бүтін үйі*, *үлкендеу үйі*.

Сын есімдердің субстантивтенуі сөйлеу кезіндегі әртүрлі коммуникативтік факторларға байланысты. Сөйлеушінің ойды ықшам беруге ұмтылуы сөйлем құрамындағы сын есім мен зат есімнің тіркесін бір-ақ сөзбен беруге ықпал етеді. Мысалы, Жолда *арбалы* көрдің бе? деген сөйлемде *арбалы кісі* тіркесінің орнына *арбалы* сөзі қолданылып, ол сөз заттанып, *кісі* сөзінің лексикалық мағынасын бойына сіңіріп, соған сәйкес сөйлемдегі синтаксистік қызметін де өзгертіп жіберген. Толық қолданысында *арбалы* сөзі *қандай* сұрағына жауап беріп, анықтауыш болса, қысқарған, субстантивтенген формада *кімді* сұрағына жауап беріп, толықтауыш қызметін атқарады. Мұндай қолданыстар сөйлемнің стильдік қызметінен де туындайды. Әсіресе, бұл мақал-мәтелдерде кездеседі. Мысалы, Екі *жаман* қосылса, кең дүниеге сыймайды, екі *жақсы* қосылса, бірін-бірі қимайды. Демек, субстантивтену тілдік қолданыста сөздерді қайталамау, ойды қысқа беру, ой экспрессивтілігін күшейту т.б. коммуникативтік-прагматикалық, стильдік-көркемдік қажеттіліктерге қарай жүзеге асады.

Сын есімдер түбір күйінде ғана емес, көптік жалғауының жалғануы арқылы да субстантивтенеді. Мысалы, Үсті жабық үш арба қаз-қатар тізіліп, адамдарды азан-қазан әндетіп, *көшпелілер* келіп, сазға аттарын доғарды (Мұртаза). Осындағы *көшпелі* сөзі о баста *көшпелі халық* тіркесінде анықтауыш мүше болып, көптік жалғауы жалғанып, заттық ұғымды білдіреді. Көптік жалғауы жалғанбаған жағдайында да *көшпелі* сөзін қолданыста субстантивтендіріп қолдануға болады. Алайда *көшпелі* сөзі қолданыста ғана заттанатын сөз болса, көптік жалғауымен келгендегі *көшпелілер* сөзі контексте ғана емес, халық санасында тарихи-әлеуметтік топты-халықты білдіретін заттық ұғым ретінде қалыптасқан, тіпті түсіндірме сөздіктерде реестрлік қатарда да беріліп отыр.

Сын есімдердің заттану процесі біркелкі емес, кейбір сын есімдер бүтіндей заттанып біржола заттық ұғымды білдіруге көшіп кетеді. Сөйтіп, тілде семантикалық конверсия тәсілі арқылы сөзжасамдық процесс жүзеге асады, жаңа сөз туады. Бұл омонимдік қатардың пайда болуына түрткі болады. Мысалы, тілімізде о баста сапа белгісін білдіретін кейбір сөздер

заттық ұғым ретінде қабылдана бастады. Баяғыда бір *бай* бопты. *Кедейлер* көтеріліске шықты деген сөйлемдерде *бай*, *кедей* (*қайыршы*) сөздері адамның тұрмыстық әлеуетін көрсету үшін емес, әлеуметтік топ өкілі ретінде атап тұр. Осы ретте түсіндірме сөздіктерде бұл сөздердің омоним ретінде берілуі де кездеседі. Сол сияқты *ауру*, *науқас* сөздерін алсақ та, бұл сөздер о баста адамның денсаулығына байланысты белгісін көрсеткенмен, қазіргі кезде заттық ұғым, яғни тілдік санада дәрігерге қаралушы адам (пациент) ретінде қабылданып жүр.

Субстантивтенген сын есімдердің тілұстармандар санасында орнығу/орнықтауына қарай, уақытша (эфемерлік) субстантивтер және санада тұрақталған субстантивтер деп бөлу де бар. Эфемерлік субстантивтер сол сөз заттанып қолданылған контексте ғана өмір сүреді де, ал эфемерлік емес субстантивтер санада тұрақталып, біртіндеп сөзжасамдық процестен өте келе жаңа сөз ретінде таныла бастайды.

Сонымен, сын есімдердің заттану процесі бірдей емес, көбі уақытша, кейбіреулері толық субстантивтенеді.